

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Біздің үй

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/87953/>

Өткізілген күні:

ББС:Шығармашылық

ҰОҚ:Сурет салу

Тақырыбы: «Біздің үй» (Сюжетті)

Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу, әулет өнері туралы түсінік беру. Геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөлшектерін жапсыруға үйрету, қағаз, қайшы, желіммен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, көркем сөз, көрнекілік, талдау, жинақтау

Көрнекіліктер: түрлі-түсті қағаздар, қылқалам, қайшы, А-1 пакет, желім, сүрткіштер таратпа суреттер.

Ереже: қайшыны белгілі бір жерде сақта, қайшыны тік ұстап, үшкір жағын берме, біріктіре ұста, жұмыс барысында қайшының бағытына көңіл аудар, үстелдің шетіне қойма.

ҰОҚ қызметі:

Дидактикалық ойындар: «Мейрімді сөздер»

Ойынның шарты:

Мен қай балаға допты лақтырсам, сол бала маған мейрімді сөздермен жалғастырып аяқтайды.

Мысалы:

1. Бота-боташым
2. Құлын-құлыншағым
3. Ай-айым
4. Күн-күнім
5. Ақыл-ақылдым
6. Көжек-көжегім
7. Асыл-асылым
8. Жұлдыз-жұлдызым
9. Жан-жаным
10. Жан-жанботам

## 11. Қозы-қозым

-Балалар,енді сендермен жақсы көңіл-күймен оқу –қызыметін бастаймыз.

-Орындарыңа жайғасындар

Бүгінгі жапсыру оқу қызыметіміздің тақырыбы: «Біздің үй»

Д/о: «Үй бөлмесіндегі заттарды орналастыр»

Ойын шарты: Балалар бөлмедегі заттардың орналастырып ,реттілігін меңгеру, пішін және түс туралы анықтау; заттардың қасиеттері туралы түсінігін дамыты әрі қарай жетілдіру.

-Кім айтады? Жиһаздардың орналастыру реттілігін.

-Жарайсындар дұрыс реттестірдіңдер.

-Енді,тақтадағы бейнетаспаға назараударамыз .

— «Үш торай» ертегісінен үзінді

Балалар ,бұл ертегіде ағайынды үш торай сендерден көмек сұрап жатыр.

-Бірінші торай жалқаулықтан кірпіш тасуға ерініп ,сабаннан үй соғып алады.

-Екінші торай олда жалқауланып ағаштан үй соғып алады.

-Үшінші торай болса күні бойы еңбек етіп , кірпіштен мықты үй соғып алады.

Қасқыр екі торайдың үйін үрлеп бұзып тастағаннан кейін, сенден торайлар көмек сұрап келіпті.

-Дұрыс айтасындар

-Сендер торайларға өз үйлеріңді жапсырып бересіндер ме?

Бүгінгі жапсыру оқу қызыметімізде күнделіктіден ерекше үш топқа бөлініп , ұжымдық жұмыс жасаймыз.

1-топ « сабан» үй

2-топ «ағаш» үй

3-топ «кірпіш» үй

Ол үшін менің қолымдағы сабан, ағаш ,кірпіш суреттерді алып топтасып отырымыз

-Балалар ,алдарыңда жұмыс үстіне назар аударыңдар.

Үстелдің үстінеде жапсыру оқу қызметінде қолданылатын заттар тұр, онымен қоса қосымша шығармашылыққа керекті заттарда бар.

Бір ақ плакаты пайдланып өз үйлеріңді бүктеу тәсілі арқылы жапсырасындар,егерде жұмыс жасап болған топ болса ,қосымша шығармашылықпен жұмыс жасайсындар.

Жұмыстарыңды болсаңдар көрмеге келіндер.

Балалардан ойларын сұрап қортындылау .

Осы жапсырған үйлеріңді ,бізден көмек сұрап келеген торйларға жіберміз.